

aceline

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Кондиционердің сыртқы
блогының кронштейні
A1AB010

Құрметті сатып алушы!

Өнімдерімізді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар бар.

Құрылғы мақсаты

Кондиционерге арналған кронштейн — сплит-жүйенің сыртқы блогын қабырғаға ілуге арналған бұйым.



Сақтық шаралары

- Осы бұйымды жинау және монтаждау «Орнату жөніндегі нұсқаулық» бөліміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Дұрыс емес құрастыру зақымданулар мен жарақаттарға себеп болуы мүмкін.
- Кронштейнді орнату үшін арнайы жабдықтар қажет болуы мүмкін: бұранда бұрағыш, бұрғы (жиынтыққа кірмейді). Орнатуды кәсіби мамандар орындауы тиіс.
- Көтергіш бет кондиционер орнатылған кронштейннің салмағын көтере алатынына көз жеткізіңіз.
- Салмағы сипаттамада көрсетілген максималды салмақтан асатын құрылғылармен кронштейнді пайдалану олардың тұрақсыз жағдайына және құлауына әкелуі мүмкін.
- Бұл кронштейн ағаш қаңқалы, қатты цемент немесе кірпіш қабырғаларға орнатуға арналған.
- Жеткізу жиынтығына кіретін бекіткіш элементтерді ғана пайдаланыңыз. Бұрандаларды қатты тартпаңыз.
- Кронштейнді орнатуға арналған жиынтықта жұтқан кезде тұншығу қаупін тудыратын кішкентай бөлшектер бар. Мұндай бөлшектерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.
- Кронштейнді орнатуды бастамас бұрын, барлық бөлшектерді жинақтаушы бөлшектер тізіміне сәйкес алғаныңызға көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір бөлшектер жетіспесе немесе олар зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз.


Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: A1AB010.
- Сауда белгісі: Aceline.
- Түрі: қабырғалық кронштейн.
- Материал: болат.
- Максималды жүктеме: 80 кг.
- Өлшемдері: 460 × 460 мм.
- Қалыңдығы: 2,5 мм.
- Жинақталым: кронштейн, орнату жиынтығы, пайдалану бойынша нұсқаулық.



Орнату бойынша нұсқаулық







1






2



3



4



Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Бұйымды монтаждаудың ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың «Орнату жөніндегі нұсқаулық» бөлімінде сипатталған.
- Бұйымды сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада, ауа температурасы 10 °C-тан 25 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия туғызатын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Бұйымды тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұйым күтімді қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау керек.
- Бұйымды сату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа хабарласу немесе бұйымды кәдеге жарату қажет.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Қосымша ақпарат

Manufacturer: CIXI PURUI METAL CO.,LTD.

Tianyang Industrial Zone, Longshan Town, Cixi, Ningbo, Zhejiang, China.

Өндіруші: Цыси Пужуй Метал Ко., Лтд.

Промзона Тяньян, Луншань, Цыси, г. Нинбо, пров. Чжэцзян, Китай.

Сделано в Китае.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды

тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,

Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

This image shows a single page of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

aceline